

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ЗАҢ СЕРИЯСЫ
2022 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ЮРИДИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 2022 ГОДА

ISSN 2958-8618

№ 3 (2024)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Юридическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ90VРУ00046812

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация результатов научных исследований, актуальных проблем
в области права, привлечение внимания к перспективным
и актуальным направлениям юридической науки

Подписной индекс – 76199

<https://doi.org/10.48081/CEUB6499>

Бас редакторы – главный редактор

Жетписов С.К.,
д.ю.н., доцент

Заместитель главного редактора Олжабаев Б. Х., *к.ю.н., ассоц.профессор*
Ответственный секретарь Жамулдинов В. Н., *к.ю.н., ассоц.профессор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Биштыга А.,	<i>доктор PhD, профессор (Республика Польша)</i>
Зайцев О. А.,	<i>д.ю.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Ахмеджанова Г. Б.,	<i>д.ю.н., доцент</i>
Ишеков К.А.,	<i>д.ю.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Дуйсенов Э. Э.,	<i>д.ю.н., профессор</i>
Дорожинская Е. А.,	<i>к.ю.н., доцент (Россия Федерация)</i>
Балымов Е. К.,	<i>доктор PhD,</i>
Аюпова З. К.,	<i>д.ю.н., профессор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

МРНТИ 10.21.01

<https://doi.org/10.48081/SMJW5938>***С. Р. Теміров¹, Б. Е. Белгібаев²**

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы құқық қорғау органдары академиясы, Қазақстан Республикасы, Косшы қ.

*e-mail: 7171252@prokuror.kz

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-3766-4146>,

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6857-3775>

ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ЗАҢНАМАДАҒЫ ЖАЛҒАН ШОТ-ФАКТУРАЛАР МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ ШОЛУ

Осы ғылыми мақалада жалған шот-фактураларды жазып беру сияқты заңсыз әрекетті қарауға байланысты мәселелер қарастырылған. Жалған шот-фактураларды жазып беру жалпы кәсіпкерліктің тиімді дамуына сыни кедергі келтіретін, адал кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғауға теріс әсер етіп, көлеңкелі экономиканың өсуіне қолайлы жағдай туғызатын негізгі себептердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, ол қылмыстық құқық бұзушылық бола отырып, келесі түрдегі бірқатар келеңсіз салдарға әкеп соғады: мемлекеттік сатып алу саласындағы бұзушылықтар; терроризмді қаржыландыру; салық төлеуден жалтару және қылмыстық кірістерді шет елге аудару; бюджет қаражатының ұрлануына, сондай-ақ жалпы алғанда елден инвестицияның кетуіне ықпал етеді.

Мақала авторлары жалған шот-фактураларды шығару және пайдалану (ҚК 216-бабы) бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды қылмыссыздандыру мәселелерін қарастырып, тиісті себептерді келтіреді. Бұл норманың предикатты, қылмыссыздандырылған қылмыстан (215-бап – жалған кәсіпкерлік) дербестігін негіздейтін дәлелдерге ерекше назар аударылады. Бұл норманы «жалған кәсіпкерлікке» коменки ретінде бастапқы енгізу қазіргі уақытта шындыққа жанаспайды, өйткені ол дербес құрамдас бөлік және салық төлеуден жалтару және ақшаны жылыстату түріндегі құқық бұзушылықты жасаудың қажетті шарты болып табылады.

Мақалада Қылмыстық кодекстің 216-бабы бойынша тіркелген қылмыстық істердің азаю динамикасына қарамастан, сотталғандар саны, тіркелген бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша келтірілген залал мөлшері сияқты көрсеткіштердің статистикалық өсімі байқалып отырғаны дәлелденген.

Кілтті сөздер: жалған шот-фактуралар, жалған кәсіпкерлік, қылмыссыздандыру, көлеңкелі экономика, контрагент-сатып алушы, алаяқтық, қылмыстық кірістерді заңдастыру.

Кіріспе

Бүгінгі таңда экономикалық қылмыс пен көлеңкелі экономикаға қарсы тұру халықаралық деңгейде де, мемлекеттер үшін де маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Бұл мақсатқа жетудің қажетті шарты экономикаға нұқсан келтіріп қана қоймай, жалпы алғанда Республиканың ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін экономикалық қылмыстарды анықтау және тергеу болып табылады.

2023 жылдың шілдесінде Үкімет қаулысымен көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың 2023–2025 жылдарға арналған жаңа кешенді жоспары бекітілді, мұнда көптеген шаралардың бірінде жалған электрондық шоттарды беру (жою) және жалған салық есептілігін ұсыну фактілерінің алдын алу және жолын кесу туралы тармақ бекітілген (5-т.) [1].

Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметі бойынша 2021-2022 жылдардағы қарыз (несие қарызы) 655 млрд теңгені құрады, оның 80 %-ға жуығы жалған шот-фактуралар нәтижесінде пайда болды [2].

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 216-бабы бойынша (Мүліктік пайда алу мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектісінің іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиіп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттерді азаматқа, ұйым немесе мемлекетке ірі залал келтіріп жасауы) (бұдан әрі - ҚК) көзделген қылмыстық жауаптылық бірқатар экономикалық құқық бұзушылықтардың алдын алудағы тежеуші факторлардың бірі болып табылады, сонымен бірге мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралы ретінде әрекет етеді [3].

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамалық негізі бұзушыларға қылмыстық жауаптылық шараларын және мемлекет тарапынан қарсы іс-қимыл шараларын қолдану, жалған шот-фактураларды шығару түріндегі қылмыстық әрекеттерді зерттеу кезінде туындайтын процестер мен құбылыстарды объективті және жан-

жақты талдау талаптарына негізделген ғылыми принциптер мен зерттеу әдістері болып табылады.

Тақырыптың ерекшеліктерін, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін ескере отырып, келесі әдістер қолданылды: жүйелік құбылыстарды олардың тұтас күйінде және өзара әрекеттесетін элементтердің функцияларын талдаумен байланысын қарастыруды қамтитын жүйелік-функционалдық әдіс, (бұл әдіс жалған шот-фактураларды шығарудың жағымсыз салдарын зерттеуде қолданылған); құқықтық нормаларды, құқықтық қатынастарды және басқа да құқықтық категорияларды сипаттау және талдау, оларды жіктеу және құқықтық құбылыстарды жүйелеуді қамтитын формальды догматикалық, (атап айтқанда, жалған шот-фактураларды беру түріндегі қылмыстық әрекеттер үшін жауапкершілікті реттейтін қылмыстық құқық нормаларын талдау кезінде қолданылады) екі немесе одан да көп құбылыстарды зерттеуден, оларды салыстырудан, жалпы және олардың табиғаты бойынша әртүрлілікті анықтаудан тұратын салыстырмалы әдіс (әлемнің әртүрлі елдерінде қарастырылып отырған құқық бұзушылық саласындағы қылмыстық заңнаманы салыстыру кезінде қолданылған) сияқты әдістерді қамтиды. Бұл басылым ҚК 216-бабына сәйкес эмпирикалық материалға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын және басқа да заңнамалық актілерді талдауға негізделген.

Нәтижелер және талқылау

ҚК 216-бабын қылмыссыздандыру тақырыбын талқылау Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 215-бабын (жалған кәсіпкерлік) (бұдан әрі - ҚК) қылмыссыздандырған Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 3 шілдедегі «Құқық қорғау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңынан (бұдан әрі - ҚР Заңы) басталды [4].

Бұл норманы алып тастауды жақтайтын ғылыми заңгерлердің толығымен негізделген тарихи негіздемесі бар екенін мойындау керек.

Бұл құқық бұзушылық заңсыз несие алуға, салық төлеуден жалтаруға мәмілелермен қатар заңсыз мақсаттарды көздейтін мәмілелердің бір түрі ретінде қарастырылып, тыйым салынған қызметті жасыру, кірісті заңсыз алу және (немесе) өзге де мүліктік пайда алуға бағытталған «аталық» «жалған кәсіпкерлік» құрамы болып табылады.

Сонымен, ҚК 216-бабының диспозициясы 2009 жылдың аяғында, кодекс «жеке кәсіпкерлік субъектісінің іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды жөнелтпей, оның ішінде шот-фактураны пайдалану арқылы мәмілелер (мәміле) жасауы көзделген, заңсыз мақсаттарды

көздейтін және азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтіруді» көздейтін ҚК 192-1-бабымен толықтырылған кезде пайда болды [5].

Бұл өзгерістердің алдында жалған кәсіпкерлік туралы қолданыстағы заңнаманы дұрыс және біркелкі қолдану мақсатында түсініктемелер берілген Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының (бұдан әрі – ҚР ЖС НК) «Жалған кәсіпкерлік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» 2009 жылғы 12 қаңтардағы №1 нормативтік қаулысы шықты [6].

ҚК 192-1-бабының кіріспесі өз кезегінде жалған кәсіпкерлік қызметтің құрбаны (еріксіз қатысушысы) болған жекелеген кәсіпкерлерді қорғаудың бір түріне айналды.

ҚК 2009 жылы енгізілген «Жалған кәсіпкерлік» (ҚК 192-бабы) предикаттық қылмысының өзі оны қылмыссыздандыруға дейін (2015 ж.) біліктілік белгілері болмаған кездегі бастапқы нұсқадан бастап біліктілік белгілерімен және санкцияларды күшейтумен соңғы редакциясына дейін бірнеше рет өзгертілген.

2014 жыл ҚК 216-бабында «мәмілелер (мәміле)» сөзі алынып тасталып, оның орнына «әрекет» сөзі қолданылған, сондай-ақ норма кеңейтіліп, біліктілік белгілері бар 2 және 3-бөліктер қосылған жаңа ҚК қабылдануымен ерекшеленді.

Толық ақпарат алу үшін шет мемлекеттердің Қылмыстық кодекстерінің мысалдарын келтірейік:

а) Украина мен Латвияда «жалған кәсіпкерлік» және «жалған шот-фактураларды шығару» – нормалары қылмыссыздандырылды;

в) ең көне кодекстердің бірі (1926) Түркияның Қылмыстық кодексінде мұндай қылмыстар бастапқыда қарастырылмаған;

в) Молдова Республикасында, біріншіден, «псевдокәсіпкерлік» (ҚК 42-бабы) бабы сақталып қалды және сондай-ақ тек «жалған шот-фактуралардың үзінді көшірмесін» ғана емес, сонымен қатар «күрделі ақпаратты қамтитын кез келген басқа бухгалтерлік құжатты немесе есепті құрайтын» ҚК 335-1 (Бухгалтерлік құжаттардың жалғандығы) бабымен толықтырылды [7].

Осылайша, декриминализацияның келесі негіздері айқындалды:

1 «аталық» құрамының болмауы – ҚК 215-бабы (жалған кәсіпкерлік). Сондай-ақ әкімшілік заңнама шеңберінде осы әрекеттің қоғамдық қауіптілігінің жеткілікті критерийінің болмауы;

2 ҚК 216-бабы құрамы салық төлеуден жалтарудың, алаяқтықтың және т.б. объективті жағының құрамдас бөлігі болып табылады және жеке қылмыстық-құқықтық біліктілікке жатпайды;

3 сот тәжірибесінде осы әрекетті жасау кезінде адамдардың қоғамға қауіпті зардаптары мен қалаған мақсаттарының нақтыланбауы. Тек дерексіз, тергеу мен соттың пікірінше, мәміле тараптарының түпкі мақсаттары және т.б.;

4 шот-фактураларды шығаруды жеке қылмыстық-құқықтық қорғауға лайық қоғамдық қатынас деп санауға объективті негіздердің болмауы. Сондай-ақ мұндай мәмілелердің түпкілікті мақсаттарына біржақты көзқарас және адалдық презумпциясының болмауы.

Осы ұсынысқа қарсылық білдіре отырып, біз келесі дәлелдерді келтіреміз.

Бұл дәлелдер шындыққа жанаспайды, заңға енгізілген өзгерістер тек осы бап пен «жалған кәсіпкерлік» ұғымын жою бөлігінде болғанын түсіну керек, жаңа заңнамаға сәйкес, әдетте, жалған бухгалтерлік құжаттардың (шот-фактура және т.б.) үзінді көшірмесінде (жұмыстың өзін нақты орындамай, қызмет көрсетпей және тауарларды жөнелтпей) олардың әрқайсысының әрекеті басқа сыбайластың әрекетін жасаудың қажетті шарты болып табылатын, олар жиынтық бойынша екі түрлі қылмысқа сыбайлас болып табылатын (ҚК 216, 245-баптары) мұндай қылмысты жасау механизмі қылмыстық болып қала береді.

Б. Сейітов өзінің «Қылмыстық-құқықтық нормаларды жетілдіру және салықтық қылмыстарды жіктеу туралы» мақаласында ҚК 216-бабын да салық қылмыстары ретінде жіктейді [8, 34 б.].

Кейбір кәсіпкерлер бизнесті жақсарту және оны дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында салық ауыртпалығын және басқа да жеңілдіктерді азайту түріндегі жеңілдіктерді оларға мемлекет жүктеген міндеттемелерден жалтару себебі ретінде қабылдайды [9, 249 б.].

Жоғарғы Соттың 2020 жылғы 24 қаңтардағы № 3 нормативтік қаулысының 16-тармағына сәйкес «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша соттардың заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» (бұдан әрі - НҚ) қосымша есептеу төленбеген салықтар, әрине, заңды күшіне енген айыптау үкімінен немесе оналтуға жатпайтын негіздер бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулыдан кейін орын алады.

Салық төлеуден жалтару, мұнай өнімдерінің, контрабандалық жолмен әкелінетін тауарлардың заңсыз айналымын заңдастыру, бюджет қаражатын ұрлау мақсатында жосықсыз кәсіпкерлер бейне бір жеткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер үшін жалған шот-фактураларды беретін компаниялардың қызметін пайдаланады.

Ғылыми заңгерлердің тағы бір даулы пікірі - «алдауды пайдалану», «жымысқы мақсат» және «жеке тұлғаға, ұйымға немесе мемлекетке

мүліктік залал келтіру» сияқты үстірт ұқсастықтарды атап өте отырып, жалған шот-фактура үзіндісін (ҚК 216-бабы) алаяқтық құрамымен (ҚК 190-бабы) салыстыру болып табылады. Сонымен бірге, С. Рахметов әлдеқайда көп жәбірленушілерге зиян келтіру мүмкіндігіне және қылмыстық жауапкершіліктің шекті сомасындағы айырмашылығына қарай экономикалық қылмыстарды, оның ішінде ҚК 216-бабын, алаяқтыққа қарағанда аса қауіпті деп дұрыс мойындай отырып, бұл құрамдарды дәл бөлді [10, 130-131 б.].

Осыған ұқсас көзқарасты 2017 жылы ҚК енгізілген өзгерістерден кейін жалған кәсіпкерлікті негізсіз қылмысыздандыруды жақтаушы ретінде заңсыз пайда табу қызметін жасыру үшін пайдаланылатын жеке кәсіпкерлік субъектісін құру арқылы қалыпты кәсіпкерлік қызметі ретінде көрінетін жалған кәсіпкерліктегі алаяқтық белгілерінің бар екенін мойындай отырып, сондай-ақ, отандық қылмыстық заңнамаға «қаржылық алаяқтық» [11, 213 б.] сияқты құрамды енгізу қажеттігі туралы ұсыныс жасай отырып, Т. Хасанов та айтты.

ҚК 216-бабының пайдасына сәйкес бес жылдағы (2019 жылдан 2023 жылға дейін) статистикалық көрсеткіштер де, қылмыстық қудалау органдарының көрсетілген кезеңде ҚК 216-бабы бойынша 1669 қылмыстық құқық бұзушылық тіркегені; бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың динамикасы ретсіз, 2020 жылдың басынан бастап 54%-ға шарықтап өсуінің байқалуы, ал 2021 жылдан 2023 жылға дейін тұрақты, 2019 жылмен салыстырғанда 59,2 %-ды құраған тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар санының төмендеуі маңызды сәт болып табылады (1-диаграмма).

Осы бап бойынша соттарда сотталғандар үшін 2020 жылы сотталғандар саны 50 %-ға, ал одан кейін тікелей қарама-қарсы – тұрақты өсім 2019 жылмен салыстырғанда 106 %-ға төмендеді (2-диаграмма).

2019 жылдан 2023 жылға дейін пайдалылық көрсеткіштері сияқты көрсеткіштер өсті: «сотқа жіберілген істер бойынша өтелген залал сомасы» 5,5 есеге және «құқық бұзушылықпен келтірілген залалдың белгіленген сомасы» 10 есеге өсті. (3-диаграмма).

- сотқа жолданған істер бойынша өтелген залалдың жиынтығы
- құқық бұзушымен келтірген зиянның белгіленген мөлшері

Бұл норманың өміршеңдігін 2020 жылы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты зерттелетін қылмыстың «объективті жағы» (13-тармақ), «субъект» (14-тармақ), «жалғасы» және «бірнеше» ұғымдары (15-17-тармақтар) және залал мөлшері (18-тармақ) элементтері егжей-тегжейлі берілген «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық

бұзушылықтар туралы істер бойынша соттардың заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» № 3 және № 6 Нормативтік қаулыларды (бұдан әрі – ЖС НҚ) қабылдау фактілері де растайды.

Егер «жалған шот-фактураларды шығарғаны үшін» (280-бап) және «Шот-фактураларды беру тәртібін бұзғаны, сондай-ақ тізбеге енгізілген тауарлардың қозғалысын есепке алу жүйесін бұзғаны үшін» (281-1-бап) Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде» (бұдан әрі – ӘҚБтК) әкімшілік жауапкершіліктің болуы туралы ескермесек, бұл тұжырым дұрыс болмас еді. Осы заңсыз әрекет үшін әкімшілік жауапкершіліктің болуы қылмыстық-құқықтық норманың маңыздылығына, атап айтқанда, ҚР ҚК 216-бабына ешқандай әсер етпейді, және керісінше заң шығарушының әділдіктің, адамгершіліктің, мақсаттылықтың жалпы құқықтық принциптерін және құқық бұзушылықтар үшін олардың сипатына қарай жауапкершілікті сақтауын растайды.

Қорытынды

Соңғы бес жылда ҚК 216-бабы бойынша тіркелген қылмыстық істер санының азайғанына қарамастан заң үстемдігі үшін заңды болып табылатын мынадай көрсеткіштер бойынша статистикалық өсім байқалды: сотталғандар саны, бұл құқық бұзушылықтың осы санаттары бойынша тергеу бөлімшелерінің тіркеу мен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізудегі көзқарасының маңыздылығын және тиімділігінің сөзсіз көрсеткіші болып табылатын тіркелген бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша келтірілген залал мөлшері, және біздің ойымызша, осы құқық бұзушылықтың дербес болуы туралы даудағы түпкілікті көрсеткішті көрсететіні сөзсіз, сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында келтірілген залалды өтеудің өсу көрсеткіші пайда болды.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз бұл норманы қылмыссыздандыру мүмкін емес деп есептейміз, өйткені ол көлеңкелі экономикамен күресу, адал кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы. [Электрондық ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000589>

2 2019-2023 жылдардағы құқықтық статистика деректері Интернет-ресурс: ҚР БП ҚСЖАЕК ақпараттық сервисі. [Электрондық ресурс]. – <https://www.qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>

3 Қазақстан Республикасының 3.07.2014 жылғы № 226-V Қылмыстық кодексі [Электрондық ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K970000167>

4 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 3.07.2017 жылғы № 84-VI Заңы. [Электрондық ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1700000084#z216>

5 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жалған кәсіпкерліктің жолын кесу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009.12.8. № 225-IV Заңы. [Электрондық ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z090000225>

6 «Жалған кәсіпкерлік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009.01.12 № 1 нормативтік қаулысы. Күші жойылды-Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 13 нормативтік қаулысымен. [Электрондық ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P09000001S>

7 Молдова Республикасының Қылмыстық Кодексі 2002 жылғы 18 сәуірдегі № 985-XV (24.11.2023 жылғы өзгерістері мен толықтыруларымен). Интернет ресурс: – https://continent-online.com/Document/?doc_id=30394923 (Жүгіну мерзімі 17.04.2024).

8 **Сейітов, Б. Т.** «Қылмыстық-құқықтық нормаларды жетілдіру және салықтық қылмыстарды жіктеу туралы» Құқық қорғау органдары академиясының хабаршысы, № 4 (14), 2019 ж. 31–36 беттер.

9 **Спан, М. А.** Жалған шот-фактураларды пайдалануға байланысты қылмыстық істерді тергеудің проблемалық мәселелері Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының «Хабаршы – Вестник» журналы № 1 (79) 2023 249–254 б.

10 **Рахметов, С. М.** Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік туралы Қылмыстық кодекстің жекелеген нормаларын қолдану тәжірибесін бақылау. Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының хабаршысы. Ғылыми-құқықтық журнал № 4 (71) – 2022 124–134 б.

11 **Хасанов, Т. Т.** Қазақстан Республикасында жалған кәсіпкерлікті қылмысыздандырудың негізділігі мәселесі бойынша: шет елдердің тәжірибесі. // Ұрлықтың жекелеген түрлеріне қарсы түру әдістерін жетілдіру Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы, 2017 жылғы 16-17 қараша: Астана-Алматы: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2017 ж. – 225 б., 210 – 214 беттер.

12 **Hugo, V. D.** Financial fraud, scandals, and regulation: A conceptual framework and literature review, *Business History*, Volume 61, 2019 – Issue 8, 2018, P. 1259–1299.

REFERENCES

1 Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кебір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы. [On approval of the Comprehensive Action Plan for countering the shadow economy for 2023-2025 and recognition as invalid of certain decisions of the Government of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000589>

2 2019-2023 жылдардағы құқықтық статистика деректері Интернет-ресурс: QR BP QSjAEK ақпараттық сервисі. [Data of legal statistics for 2019-2023 Internet Resource: Information Service of the CPSA of the Republic of Kazakhstan.] [Electronic resource]. – <https://www.qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>

3 Қазақстан Республикасының 3.07.2014 жылғы № 226-V Қылмыстық кодексі [Criminal Code of the Republic of Kazakhstan dated 3.07.2014 No. 226-V] [Electronic resource]. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K970000167>

4 «Қазақстан Республикасының кебір заңнамалық актілеріне құқық қорғау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырлар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 3.07.2017 жылғы № 84-VI Заңы. [Law of the Republic of Kazakhstan dated 3.07.2017 No. 84-VI] on amendments and additions to some legislative acts of the Republic of Kazakhstan on improving the law enforcement system» [Electronic resource]. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1700000084#z216>

5 «Қазақстан Республикасының кебір заңнамалық актілеріне жалған кәсіпкерліктің жолын кесу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырлар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009.12.8. № 225-IV Заңы. [Law of the Republic of Kazakhstan dated 8.12.2009 No. 225-IV] on amendments and additions to some legislative acts of the Republic of Kazakhstan on the suppression of pseudo-entrepreneurship» [Electronic resource]. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z0900000225>

6 «Жалған кәсіпкерлік туралы заңнаманы қолданудың кебір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009.01.12 № 1 нормативтік қаулысы. Күші жойылды-Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 13 нормативтік қаулысымен. [normative resolution of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan No. 1 dated 12.01.2009] on some issues of application of legislation on pseudo-entrepreneurship». Repealed by the normative resolution

of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan dated June 29, 2018 No. 13] [Electronic resource]. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P09000001S>

7 Moldova Respublikasynyň Qylmystyq Kodeksi 2002 jylgy 18 säuirdegi № 985-XV (24.11.2023 jylgy özgeristeri men tolyqtyrularymen). [Criminal Code of the Republic of Moldova dated April 18, 2002 No. 985-XV (with amendments and additions dated 24.11.2023)] [Electronic resource] – URL: – https://continent-online.com/Document/?doc_id=30394923

8 **Seitov, B. T.** «Qylmystyq-qūqyqytq normalardy jetildirü jäne salyqytq qylmystardy jikteu turaly» Qūqyq qorǵau organdary akademiyasynyň habarşysy [Bulletin of the Academy of law enforcement agencies] on improving criminal law norms and classifying tax crimes» // No. 4 (14), P. 31–36, 2019.

9 **Span, M. A.** Jalǵan šot-fakturalardy paidalanuǵa bailanysty qylmystyq ısterdı tergeudıń problemalyq mäseleleri [Problematic issues of investigation of criminal cases related to the use of false invoices] // Journal «Bulletin-Vestnik» of the Karaganda Academy of the Ministry of internal affairs of the Republic of Kazakhstan named after Barimbek Beisenov № 1 (79) 2023 P.249–254.

10 **Rahmetov, S. M.** Ekonomikalyq qyzmet salasyndaǵy qylmystyq qūqyq būzuşylyqtar üşin jauapkerşilik turaly Qylmystyq kodekstin jekelegen normalaryn qoldanu tājiribesin baqylau. [Control over the practice of applying certain norms of the Criminal Code on liability for criminal offenses in the field of economic activity.] // Bulletin of the Institute of legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan. Scientific and legal journal No. 4 (71) – 2022 P. 124–134.

11 **Hasanov, T. T.** Qazaqstan Respublikasynda jalǵan käsipkerlikti qylmysyzdandyrudynı negizdılıǵı mäselesi boiynşa: šet elderdin tājiribesı. [On the issue of the validity of the decriminalization of pseudo-entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan: experience of foreign countries.] // Improvement of methods of countering certain types of theft collection of the International Scientific and Practical Conference, November 16-17, 2017: Astana – Almaty: Academy of law enforcement agencies under the general prosecutor’s Office of the Republic of Kazakhstan, 2017 – P. 225, P. 210–214.

12 **Hugo, V. D.** Financial fraud, scandals, and regulation : A conceptual framework and literature review, Business History, Volume 61, 2019 – Issue 8, 2018, P. 1259–1299.

03.07.24 ж. баспаға түсті.

29.07.24 ж. түзетулерімен түсті.

01.09.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*С. Р. Темиров¹, Б. Е. Белгибаев²

Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре
Республики Казахстан, Республики Казахстан, г. Косшы

Поступило в редакцию 03.07.24

Поступило с исправлениями 29.07.24

Принято в печать 01.09.24

ОБЗОР ВОПРОСОВ ПОДДЕЛЬНЫХ СЧЕТОВ-ФАКТУР В НАЦИОНАЛЬНОМ И ЗАРУБЕЖНОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ

В этой научной статье рассматриваются вопросы, связанные с рассмотрением незаконной деятельности, такой как выписка поддельных счетов-фактур. Выписка фиктивных счетов-фактур является одной из основных причин, критически препятствующих эффективному развитию предпринимательства в целом, негативно влияющих на защиту прав добросовестных субъектов предпринимательства и создающих благоприятные условия для роста теневой экономики. Кроме того, являясь уголовным правонарушением, оно влечет за собой ряд негативных последствий следующего вида: нарушения в сфере государственных закупок; финансирование терроризма; уклонение от уплаты налогов и перевод преступных доходов за границу; способствует хищению бюджетных средств, а также оттоку инвестиций из страны в целом.

Авторы статьи рассматривают вопросы декриминализации уголовных правонарушений по производству и использованию фиктивных счетов-фактур (ст. 216 УК) и приводят соответствующие причины. Особое внимание уделяется доказательствам, обосновывающим самостоятельность данной нормы от предикатного, декриминализованного преступления (ст. 215-лжепредпринимательство). Первоначальное введение этой нормы в качестве вспомогательного средства для «лжепредпринимательства» в настоящее время не соответствует действительности, поскольку является самостоятельной составляющей и необходимым условием совершения правонарушения в виде уклонения от уплаты налогов и отмывания денег.

В статье доказано, что, несмотря на динамику снижения числа зарегистрированных уголовных дел по статье 216 УК, наблюдается статистический рост таких показателей, как

количество осужденных, размер ущерба, причиненного по нескольким зарегистрированным уголовным правонарушениям.

Ключевые слова: поддельные счета-фактуры, лжепредпринимательство, декриминализация, теневая экономика, контрагент-покупатель, мошенничество, легализация преступных доходов.

*S. P. Temirov¹, B. E. Belgibaev²

Academy of law Enforcement Agencies under the Deneral Prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan, Republic of Kazakhstan, Kosshy

Received 03.07.24

Received in revised form 29.04.24

Accepted for publication 01.09.24

OVERVIEW OF THE ISSUES OF FAKE INVOICES IN NATIONAL AND FOREIGN LEGISLATION

This scientific article deals with issues related to the consideration of such an illegal act as issuing false invoices. Issuing false invoices is one of the main reasons that critically impede the effective development of entrepreneurship in general, negatively affect the protection of the rights of conscientious business entities, and create favorable conditions for the growth of the shadow economy. In addition, being a criminal offense, it entails a number of negative consequences of the following types: violations in the field of public procurement; financing of terrorism; tax evasion and transfer of criminal income abroad; contributes to the theft of budget funds, as well as the outflow of investment from the country in general.

The authors of the article consider the issues of decriminalization of criminal offenses under the issue and use of false invoices (Article 216 of the Criminal Code) and give the appropriate reasons. Particular attention is paid to the arguments justifying the independence of this norm from the predicate, decriminalized crime (Article 215-pseudo – entrepreneurship).

The article proves that despite the dynamics of a decrease in the number of registered criminal cases under Article 216 of the Criminal Code, there is a statistical increase in such indicators as the number of convicted persons, the amount of damage caused for several Registered criminal offenses. The authors made a reasonable conclusion that the norm

in question is not subject to decriminalization, since it is aimed at combating unfair entrepreneurship and ensuring the economic security of Kazakhstan.

Keywords: false invoices, pseudo-entrepreneurship, decriminalization, shadow economy, counterparty-buyer, fraud, legalization of criminal income.

Теруге 04.09.2024 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

1,06 Мб RAM

Шартты баспа табағы 9,28.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректор: Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4283

Сдано в набор 04.09.2024 г. Подписано в печать 30.09.2024 г.

Электронное издание

1,06 Мб RAM

Усл.п.л. 9,78. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка А. К. Мыржикова

Корректор: Д. А. Кожас

Заказ № 4283

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

<https://vestnik.tou.edu.kz/>